

БҰЛ НӨМІРДЕ:

ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ШЫНАЙЫ ҮЛГІСІ

Қазіргі уақытта жұмыс кестесі мен жоғары жүктеменің барған сайын кең таралып жатқаны мәлім...

(3-бетте)

ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ-БҰРҒЫЛАУ» БҰРҒЫЛАУ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» серіктестігіндегі өндірістік көрсеткіштер туралы айтар болсақ, жыл басынан бері мекеме бұрғышылары жалпы өтімі 24910 метр болатын 16 ұңғыманың құрылысын аяқтады...

(6-бетте)

ЖАҒАЛЫҚТАР

МАРАПАТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ

4 маусымда Ақтау қаласында «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауының өңірлік кезеңі өтті. Оған Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев қатысты...

(10-бетте)

ӘРІПТЕС

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

Абдулла Жалғасов – «ТруБремЦентр» серіктестігіндегі тәжірибелі мамандардың бірі. Негізгі мамандығы – механик. 2008 жылы кәсіпорынға алғаш жұмысқа орналасқан кезде темір ұстасы болып істеді. Ал қазіргі таңда бас механик қызметін атқарады...

(12-бетте)



МИНИСТР КОМПАНИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Орынбасар Қонысбаев,
«Каскор-Машзавод» ЖШС

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Кәрімжанұлы Қарабаев маусым айының аяғында Ақтау қаласына барған жұмыс сапарында «Каскор-Машзавод» серіктестігіндегі өндірістік жүйемен танысты.

«Каскор-Машзавод» компаниясы мұнай және газ өнеркәсібіне арналған өндірістік жабдықтар шығарады. Өндірісте жоғары технологияларды қолданатын кәсіпорын сапалы жасалған әрі күрделілігі әртүрлі металл өнімдерінің кең спектрін ұсынады. Сапа бар жерде жетістіктің де болатыны мәлім. Компанияның Бас директоры Болат Арқаровтың айтуынша, кәсіпорынның өнімдері облыстық, республикалық және халықаралық ауқымдағы көптеген беделді конкурстар мен көрмелерде лайықты бағаланған.

– Қазіргі уақытта біздің компания мұнай-газ саласында жұмыс істейтін Қазақстанның ірі жетекші компанияларымен тұрақты әріптестік қарым-қатынаста. Бізде өндірістегі кез келген күрделі жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін материалдық-техникалық база бар. Оған қоса бүгінде өндірістік қуаттарды одан әрі дамытуды, пайда мен нарық үлесін ұлғайтуды, халықаралық нарыққа шығуды және өндірістің барлық кезеңдеріне озық технологиялар мен кайдзен философиясын енгізуді жоспарлап отырмыз, – деді Б. Арқаров министрге компания жұмысын таныстыру барысында.

Іс және нәтиже



«ҚАЗТЕХМҰНАЙСЕРВИС» АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДА ӨТЕ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТУДЕ

Мұрат Мұқаш,
«KPD news» газетінің редакторы,
Жібек Айдарбекова,
«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС

Отандық мұнай сервисі саласындағы танымал кәсіпорындардың бірі – «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігінің қазіргі даму деңгейі қандай? Ұңғымаларды күрделі жөндеумен айналысатын ірі компанияның әлеуметтік өмірі мен стратегиялық мақсаттары туралы не айтуға болады?

«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС Бас директоры Мустахим Унайұлы Беркалиев мырзамен арадағы сұхбатымыз осы сұрақтар төңірегінде өрбиді.

– Мустахим Унайұлы, компанияның ағымдағы жұмысына қандай баға бересіз?

– Біздің компаниямыз ағымдағы жылда өте жақсы нәтижелер көрсетуде. Бұл ең алдымен ұжым өкілдері арасындағы ауызбіршіліктің, өзара сенім мен қарым-қатынастағы ашықтықтың және ортақ мақсатқа жету жолындағы бірлескен ұмтылыстың нәтижесі деп ойлаймын.

– Қызметкерлерге қандай талаптар қоясыз?

– Біз өз қызметкерлерімізге жоғары талаптар қоямыз. Соның ішінде әсіресе кәсіби шеберлік, жауапкершілік, еңбек тиімділігі және өз-өзін дамытуға деген ұмтылыс тәрізді критерийлерге айырықша маңыз береміз. Сондықтан әрдайым кәсіби дағдыларын жетілдіруге, осы саладағы озық технологиялардан қалыспай оқып-білуге, біліктілігін арттыруға ынталандырып отырамыз.

– Бүкіл Холдинг бойынша бекітілген корпоративтік құндылықтарға (қауіпсіздік, сапа, командалық жұмыс, инновация) негізделген іс-шараларға қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Әрине, қауіпсіздік, сапа, командалық жұмыс және инновациялар тәрізді корпоративтік құндылықтардың біз үшін маңызы зор. Сол себепті оларға ерекше мән береміз. Мәселен,

өткен жылы осы аталған құндылықтарымызды қолдау мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырдық. Атап айтқанда, қауіпсіздік жөніндегі оқыту бағдарламаларына қатыстық, жұмыс сапасын жүйелі түрде тексеру шараларын жүргіздік, командалық тренингтер ұйымдастырдық және өндіріске инновациялар енгізуге негізделген бастамаларға жан-жақты қолдау көрсеттік.

– Серіктестіктің техникалық базасы жеткілікті дәрежеде қуатты ма? Техникалық базаны толықтыру және жаңарту бағытында қандай шаруалар қолға алынды?

– Өндірістік кәсіпорын болғандықтан біз компанияны техникалық тұрғыдан үнемі жетілдіріп отыруға тырысамыз. Мысалға, тек өткен жылдың өзінде ғана техникалық паркты жаңарту, заманауи құрал-жабдықтар мен технологияларды алу үшін қомақты инвестиция жұмсадық.

Осы саладағы озық инновациялар мен тапсырыс берушілердің қажеттіліктерін ескере келе, техникалық базаны толықтыру және жаңарту мәселесін алдағы уақытта одан әрі жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

– Мұнай сервисі саласындағы қызмет түрлері бойынша мұнай өнеркәсібіндегі отандық және шетелдік ірі компаниялармен жасалған келісімдер туралы айтсаңыз?

– «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі бірқатар ірі-ірі жергілікті және шетелдік мұнай компанияларымен ұзақмерзімді әрі өзара ұтымды келісімшарттар жасады. Мәселен, 2023 жылдың сәуір айында біздің негізгі тапсырыс берушіміз – «ЕмбіМұнайГаз» АҚ-мен арадағы үш жылдық келісімге қол қойылды. Сонымен қатар осы жылдың басынан бері шетелдік ірі «Total E&P Dunga GmbH» компаниясымен бірлесе отырып, Дунга кен орнында жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Біз өзіміздің осы серіктестік байланыстарымызды мақтан тұтамыз әрі соларды одан әрі дамыта түсетін боламыз.

Біздің компаниямыз ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының үнемі жоғары сапалы болуын басты назарда ұстайды. Тапсырыс берушілермен арадағы тұрақты қарым-қаты-

настарымыздың ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқандығы соның нәтижесі.

– Дунга кенішіндегі жұмыстар барысы қазір қандай деңгейде? «Total E&P Dunga GmbH» компаниясымен арада ұзақ мерзімді іскерлік келісімдер жасалды ма?

– «Total E&P Dunga GmbH» компаниясымен арадағы бірлескен жұмыстар көлемі арта бастады. 2023 жылдың екінші жартысында ұңғымаларды ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша 3 жылға есептелген ұзақмерзімді келісімшартқа қол қоямыз. Бұл компаниямен арадағы іскерлік байланыстарымыз өзара сенім мен өзара пайдаға негізделген. Осы байланысымызды болашақта да жалғастырсақ деген ойдамыз.

– Қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсарту мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар жайлы білсек?

– Ұжымның әлеуметтік өмірі біз үшін қашанда басты орында тұратыны айтпаса да түсінікті. Өткен жылы ұйымдастырылған әртүрлі спорттық және мәдени іс-шаралар мен корпоративтік мерекелердің барлығы осы мақсатқа негізделді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады. Ең бастысы, қызметкерлерге жайлы жағдай жасау, жалпы ұжымның әл-ауқатын арттыру.

– Еңбек қауіпсіздігін сақтау талаптары бойынша биылғы жоспарлар қандай?

– Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету – компания жұмысындағы басымдықтардың бірі саналады. Сондықтан да қауіпсіздік сапасын жетілдіру бағытындағы іс-шаралар әрдайым күн тәртібінен түспейді. Яғни қауіпсіздік жөніндегі тренингтермен, жұмыс орындарын бақылаумен, қауіпсіздік жүйелерін жаңарту және жетілдіру жұмыстарымен біз тұрақты түрде айналысамыз. Қауіпсіздікке қатысты шешім қабылдау процесіне қызметкерлердің барлығы атсалысады.

Бір сөзбен айтқанда, біз біртұтас ұжымдық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ұмтылудамыз. Тек сонда ғана ұжымдағы әрбір қызметкер қауіпсіздік ережелері мен нормаларын



сақтаудың маңыздылығын терең түсінетін болады.

– Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту мәселесіне қаншалықты көңіл бөлінеді?

– Біз компаниядағы корпоративтік мәдениетті дамыту жұмыстарын белсенді түрде жүргіземіз. Өйткені ол – тапсырыс берушілермен арадағы қарым-қатынас бен өндірістік көрсеткіштерге тікелей әсерін тигізетін факторлардың бірі.

Корпоративтік мәдениет дегеніміз – ол біздің қайнар бастауларымыз, салт-санамыз, брендіміз және әрбір қызметкерге деген сенімділік. Міне, сол себепті ұжымда ашық әрі өзара сенімді орта қалыптастыруды мақсат тұтып отырмыз. Ондай ортада әр қызметкер өзінің бағалы екендігін және ортақ мақсатқа үлес қосып жүргендігін анық сезінетін болады.

«ҚазТехМұнайСервис» дегенді естіген кезде әр адамның көкейіне жағымды естеліктер оралып, көңіліне қуаныш ұялайтындай болуы тиіс. Біздің компания міне осындай жағдайға ұмтылуда. Біз тату-тәтті отбасы секілдіміз, шығармашылық ізденістерді ынталандырып, күрделі мәселелерді шешу үшін барлық қызметкерлердің бастамаларын қолдаймыз.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!



Спорт

«ҚАЗТЕХМҰНАЙСЕРВИС» ФУТБОЛ ЖАРЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АТСАЛЫСТЫ

Спорт – денсаулық кепілі. «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі өз қызметкерлерін әрдайым дене тәрбиесімен айналысуға ынталандырып отырады. Салауатты өмір салтын қолдайтындықтан спорт жарыстарын ұйымдастыру шараларына ерекше маңыз береді. Осы жолы компания Холдингтің Атыраудағы еншілес мекемелері арасында үш мәрте өткізілген футбол турнирлерін ұйымдастыруға атсалысты. Бұл жарыстар еншілес мекемелердің ұжымдарына спорттық дағдыны жетілдіруге және командалық рухты нығайтуға көмектесті.

Жарыстарды ұйымдастырушылар оларға жан-жақты жағдай жасады: футбол турнирлерін төрешілер бригадасымен, қажетті құрал-жабдықтармен және қауіп-

сіздікпен қамтамасыз етті. Ойын аяқталғанда жұмсаған күш-жігерлері мен спортқа деген ынта-ықыластары үшін барлық командаларға алғыс айтылды.

Осындай жарыстарды өткізу тек салауатты өмір салтын сақтау ғана емес, Холдинг құрамындағы еншілес мекемелер арасындағы қарым-қатынастарды нығайтудың тамаша үлгісіне айналды. Өйткені мұндай іс-шаралар ұжымдағы ынтымақтың артуына, командалық рухтың қалыптасуына және Холдингтегі әр алуан құрылымдар арасындағы іскерлік байланыстардың бекуіне себеп болады.

«ҚазТехМұнайСервис» компаниясы денсаулығы мықты әрі белсенді қызметкерлер – табыс пен өркен-

деудің негізі деп санайды. Аталғандай спорттық іс-шараларға қолдау көрсету қызметкерлердің жұмысқа деген қабілетін арттырады және жалпы ұжымдағы ішкі ахуалға оңды ықпалын тигізеді.

Спортты корпоративтік мәдениет үлгісіне айналдырған «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі қызметкерлердің белсенді өмір салтына барынша қолдау көрсетеді. Өйткені компания үшін аса маңызды басымдықтардың бірі – бұл ұжымның денсаулығы мен береке-бірлігі. Атырау қаласындағы еншілес компаниялар арасында ұйымдастырылған футбол жарыстары соның айқын мысалы болды.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ШЫНАЙЫ ҮЛГІСІ

Руслан Кусетов,
«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС
Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Қазіргі уақытта жұмыс кестесі мен жоғары жүктеменің барған сайын кең таралып жатқаны мәлім. Соның салдарынан көптеген отбасылар жұмыс пен жеке өмірдің арасындағы тепе-теңдікті сақтай алмай әуреге түсуде. Осыған орай жауапкершілікті өз қолына алған «ҚазТехМұнайСервис» компаниясы қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан дамыту мәселесінде отбасылық және ұлттық құндылықтарды сақтаудың барлық мүмкіндіктерін жасауға ұмтылуда.

Компания маусым айының басында, «Балаларды қорғау күніне» орай «Атырау – мұнайлы астана» тақырыбына арналған балалар суретінің байқауын ұйымдастырды. Бұл шара қызметкерлерді қолдаудың тағы бір жарқын мысалы болды.

Байқауға қатысушылар 7 жасқа дейінгілер және 7-ден 12 жасқа дейінгілер деп екі топқа бөлінді. Әр топтағы балалар еліміздегі мұнай-газ индустриясының орталығы саналатын Атырау қаласы мен жұмыс басындағы ата-аналарын бейнелеу арқылы өздерінің ұшқыр қиялдары мен дарынын байқатты. Туған қаласына деген сүйіспеншілігін және ата-аналарына деген ыстық ықыластарын білдіруге талпынған балалар сурет салған кезде алуан түсті ашық бояулар мен түрлі техникаларды қолданды.



Екі категория бойынша өткізілген байқау нәтижесіне қарай жұмыстары барынша жаңашыл әрі талантты деп танылған бірнеше жеңімпаздар іріктеліп алынды. Жеңімпаздарға және байқауға қатысушылардың барлығына ойыншықтар мен балалар тауарларын сатып алуға арналған сертификаттар тапсырылды. Жас суретшілердің таңдаған сыйлықтары оларға ұзақ уақыт бойы қуаныш сыйлайды деген ойдамыз. Сонымен қатар аталған іс-шара барысында көп балалы және мүгедек балалары бар отбасыларға айырықша көңіл бөлініп, арнайы сыйлықтар мен сертификаттар берілді.

«ҚазТехМұнайСервис» компаниясының мұндай бас-тамасы балалардың шығармашылық қабілеттеріне қолдау көрсетіп дамытудың маңыздылығын байқаумен қатар ата-аналар мен балалардың арасындағы байланыстарды одан сайын нығайта түседі. Бұл – бақытты әрі үйлесімді өмірге жағдай жасау арқылы өз қызметкерлері мен олардың жақындарының аман-саулығын ойлайтын компаниядағы ізгі ниеттің айқын дәлелі.

Кез келген ұжымдағы дамудың негізі адамдар екендігі белгілі. Осы қағиданы басты назарда ұстайтын «ҚазТехМұнайСервис» компаниясы өз қызметінде кәсіби шеберлік пен табыстылықтың және адамдарға деген қамқорлықтың шынайы үлгісін көрсете отырып, өмірлік құндылықтарды іске асыруын одан әрі жалғастыруда. Мұндай бастамалар ұжымда жайлы орта қалыптастырады, қызметкерлердің ынта-ықыласын арттырады әрі компанияның әлеуметтік жауапкершілігін нығайтады.

ҚҰРБАН АЙТ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНДЫ



Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Әмин Тұяқов атындағы стадионда Жаңаөзен қаласының барлық мешіттері және «Жаңаөзен көмек» пен «Бұрғылау» баспана» қайырымдылық қорлары бірлесіп «Құрбан айт 2023» рухани іс-шарасын кең көлемде ұйымдастырды.

Ұлық мерекені Маңғыстау облысының бас имамы Ануар Ізімбайұлы Құран оқумен бастаса, қала басшылары жиналғандарды құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мешіттер мен кәсіпорындар атынан 9 киіз үй тігіліп, барша қонақтарға ақ дастарқан жайылды. Айттап жүрген халыққа тойбастар, балаларға арнайы сыйлықтар берілді. Стадион ауласында ересектер мен жасөспірімдер арасында қазақша күрес, аударыспақ, қой көтеру, лақ көтеру, ләңгі тебу, қол күрес, асық ату, садақ ату, гір көтеру тәрізді ұлттық спорт жарыстары өтті. Халықтың ықыласына бөленген ізгі шарада қа-

зақтың қара домбырасы күмбірлеп, жергілікті өнерпаздардың мерекелік концерті қойылды. Рухани кешті «Өнер қырандары» театрының басшысы Мадияр Серікбаев жүргізді.

Мерекені тойлап келген қала тұрғындары мұқтаж жандарға баспана берілген қуанышты сәттердің куәсі болды. «Жаңаөзен көмек», «Бұрғылау» баспана», «Харекет» қайырымдылық қорлары үш отбасыға баспана кілтін табыстады. Қасиетті Құрбан айт мерекесінде «Бұрғылау баспана» қайырымдылығының он бірінші баспанасының кілті жалғыз басты ана Тазагүл Ешанқұлқызына бұйырды. Көп жылдар бойы науқас баласымен қала ішіндегі жатаханадан пәтер жалдап, қиналғаннан мешітке барып көмек сұраған Тазагүлге «Бұрғылау баспана» қайырымдылығы дер кезінде қол ұшын созып, мұқтажығынан арылуына себепкер болды. Сонымен қатар жалғыз басты анаға қала тұрғындары ұйымдастырған қайырымдылық шарасы

барысында екі миллион теңгенің сертификаты сыйланды.

Дінімізді дәріптеген мейірімге толы Құрбан айт мерекесі қала көлемінде барша тұрғындарға арналып, алғаш рет кең көлемде ерекше тойланды. Бір кеште көптеген игі істердің басын қосқан ұйымдастырушыларға халық шынайы ризашылықтарын білдіріп, келесі жылы да дәл осылай жалғасын табуын тіледі.

Құрбан айт мерекесіне орай өткізілген ұлттық спорттың бірі арқан тартысқа қатысқан «Бұрғылау» мекемесінің «Бұрғышылар» командасы екінші орынды иеленді. Жеңімпаздарымыз арнайы мерекелік кубоктармен, медальдармен және қаржылай сыйақылармен марапатталды. «Бұрғышылар» командасының құрамындағы Ақмолдаев Асылбек, Амандықов Думан, Сыдықов Мұңал, Қарамұрзаев Тұрар, Ерманов Алтынбек, Қалдыбеков Бауыржан секілді мықты әріптестеріміздің жетістіктері артып келеді.



Қамқорлық

БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР – БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ



Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай Жаңаөзен қаласындағы оңалту орталығында «Бақытты балалар – бейбіт елдің тірегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараны орталықтың директоры Жарқын Андрейқызы, «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Қанат Ермақұлы, қоғаммен байланыс жөніндегі басқарушы директоры Дулат Амангелдіұлы, кәсіподақ ұйымының төрағасы Ержан Бисенбайұлы және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жаңаөзен өңірлік филиалының директоры Айтмұхамбет Құрбанбайұлы ашып, балаларға құттықтау тілектерін жеткізді.

– Бала – біздің болашағымыз, үмітіміз. Балғындардың қуанышты жүзін көру кез келген жан үшін бақыт. «Адамның бір қызығы бала деген, баласыз көңіл шіркін толар ма екен» дегендей баласының болашағына алаңдамайтын адам болмайды. Ерекше бүлдіршіндеріміз осы орталықтан сауығып кету мүмкіндіктеріне ие болып, ертеңгі күнде еліміздің мақтан тұтар тұлғалары болып өссе деп тілеймін!, – деді құттықтау сөзінде Қанат Ермақұлы.

Сән-салтанатқа толы мерекеде оңалту орталығының тәрбиеленушілері дайындаған арнайы концерттік қойылымдар тамашаланды. Сонымен қатар оңалту орталығының жыл сайынғы үрдіс бойынша балабақшаны аяқтаған 21 тұлегіне дипломдар табысталды. Одан кейін балалар тақпақ айтып, ортаға шығып, сүйікті мультфильм кейіпкерлерімен бірлесе ән салып, би биледі. Мерекеге әрдайым ерекше сыйлықтарымен келетін «Бұрғылау» ЖШС мен Халық банкі мекемелерінің басшылары балалардың барлығына сыйлықтар үлестірді.

Кеш соңында ата-аналар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, естелік суретке түсті. Жаңаөзен оңалту орталығының директоры Жарқын Андрейқызы: «Үнемі қолдау білдіріп жүретін осы екі мекемеге алғысымыз шексіз! Қай кезде болмасын елеусіз қалдырмай, тілеулес екендіктерін білдіріп жүретіндіктеріне ризамыз! Осындай керемет кештің ұйымдастырылуына атсалысып, бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл күй сыйлаған «Бұрғылау» мекемесі мен Халық банкіне зор алғысымды білдіремін!», – деді.

Мекеме басшылары сондай-ақ Қызылсай ауылының ерекше балалары бар үйлерді де аралап, бүлдіршіндерді мерейлі мерекелерімен құттықтап, арнайы сыйлықтарын таратты.



БАЛА ЖАНЫН ЖАДЫРАТАР ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ БАСТАЛДЫ

Жадыраған жазда оқудан босаған балалардың көбі лагерьге баруға асығады. Олардың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері осындай жазғы демалыс күндерінен бастау алары сөзсіз. Жылдағы үрдіске сай қызметкерлердің 7–14 жастағы балаларына еліміздің ең үздік лагерьлеріне тегін жолдама беріп, пайдалы әрі танымды демалыс ұйымдастыру үшін «Бұрғылау» мекемесі биыл да бар мүмкіндіктерді қарастыруда.



«Бұрғылау» компаниясы тарапынан ұйымдастырылған лагерьлер жазғы демалыстарын тиімді өткізгісі келетін балалар үшін өте пайдалы. Олардың барлығы бассейнмен, заманауи спорт және ойын алаңдарымен, өнер орталықтарымен қамтылған. Жеткіншектерге арналған спорт және шығарма-

шылық үйірмелері жұмыс істейді. Сондай-ақ түрлі байқаулар, фестивальдер, серуендер мен экскурсиялар ұйымдастырылады. Қысқасы, балалардың әрбір күнін естен кетпес қызықты да пайдалы етіп өткізу үшін барлық жағдайлар жасалған.



Қазіргі уақытта балалар Алматыдағы – «Айналайын», «Bala land» және «Ақбұлақ», Қапшағайдағы – «Балдаурен», Шымкенттегі – «Гавайи», Көкшетаудағы – «Балдаурен», сонымен қатар Жаңаөзен қаласындағы – «Ақбөбек Кендірлі» лагерьлерінде демалуда. Лагерьдегі демалыс уақыттары 10 күнді қамтиды. Аталған сауықтыру орындарында балалардың толыққанды демалуы үшін жан-жақты жағдай қарастырылған. Басты назарда – балалардың қауіпсіздігі. Осыған орай компания тарапынан жеткізуші, қабылдаушы, бақылаушы қызметтерін атқаратын білікті мамандары жұмылдырылған.



Лагерь дегеніміз – кез келген бала үшін бойдағы қабілетті ашудың, денсаулықты жақсартудың, өзін көрсетудің, жаңа достармен танысудың, спорт пен өнерге талпынудың, көпшілік ортада өзін-өзі ұстаудың, таза ауада серуендеудің тамаша мүмкіндігі. Міне, сондықтан да тамыз айының соңына дейін кезең-кезеңмен жалғасатын осы бағыттағы іс-шараларға «Бұрғылау» мекемесі ерекше маңыз береді. Балалардың жақсы демалып келуі үшін ұжым тарапынан арнайы белгіленген білікті мамандар өздеріне жүктелген қызметті үлкен жауапкершілікпен атқарады.

«БҰРҒЫЛАУ»

БОКСШЫЛАРЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Мамыр айының 6 – 8 күндері аралығында, Жаңаөзен қаласындағы Р. Өтесінов атындағы спорт кешенінде, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері Жеңіс Жарылғаповты еске алуға арналған республикалық бокс турнирі өткізілді. Бұл іс-шара Жаңаөзен қаласының 55 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылды.

Бокс спортының қыр-сырын жетік меңгерген ересектер арасындағы сайыста спортшылар 14 салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Дәрежесі жоғары республикалық турнирге Алматы, Астана, Жаңаөзен, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Абай, Повлодар, Шымкент және Тараз қалаларынан бөлек, Ресей мемлекетінің Омбы қаласынан келген 100-ге жуық былғары қолғап шеберлері қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағанбетов, «Amanat» партиясы МОФ атқарушы хатшысы Нұрбек Қарасаев, ардагер мұнайшы Мұрат Құрманбаев және Жеңіс Жарылғаповтың жұбайы Манар Жарылғапова құттықтау сөз сөйлеп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Үш күнге созылған республикалық жарысқа «Бұрғылау» мекемесінің боксшылары да қатысып, өз бақтарын сынады. Олар: Искаков Бақытжан – 75 келі салмақта, Өтегенов Марат – 85 келі салмақта, Ақтуриев Талғат – 91 келі салмақта. Бақ пен бап қатар шабатын жарыс жолы бұл жолы Искаков Бақытжанның жеңіске жетуіне жетекші бола алмады. Жартылай финалда қарсыласы алматылық Н. Мұсабаевтан ұпай санымен ұтылды. Дегенмен де қатар талаптанған әріптестері бұл дүбірлі доданың жеңіс туын желбіретіп, 1 алтын, 1 күміс медальді иеленді. Атап айтар болсақ, Өтегенов Марат финалда шымкенттік қарсыласы Қ. Қарабаевтан аз ғана ұпай айырмашылығымен ұтылып, күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал жарыстың ең аса ауыр салмағы 91 келі салмақта жұдырықтасқан Ақтуриев Талғат финалда ресейлік қарсыласы Сергей Таннагашевты айқын басымдылықпен ұтып, алтын медаль мен чемпиондық белдікті иеленді. Сөйтіп, шаршы алаңның шырайын ашқан бокс додасы біздің әріптестеріміз үшін жеңіспен аяқталды.

Жеңімпаздарға арнайы диплом, медальдар мен 100, 150, 200 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлықтар табысталды. Одан бөлек турнирде «Үздік төреші», «Үздік боксшы», «Жеңіске деген жігері үшін», «Үздік жекпе-жек» номинациялары бойынша да мықтылар марапатталды.



АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Мамыр айының 6-ыншы жұлдызында, Энергетик спорт кешенінде, ардагерлер арасында шағын футболдан ашық турнир өткізілді. Бұл шара Отан қорғаушылар күні және Ұлы жеңіс күні мерекелеріне орай ұйымдастырылды. Жарыстың мақсаты – мерейлі мерекені кеңінен атап өту, салауатты өмір салтын насихаттау, ардагерлер мен қызметкерлер арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

«Бұрғылау» мекемесінің ұйымдастырушымен өткен ашық турнирге «Ақтас», «Бұрғылау», «ӨзенМұнайГаз», «Жігіттер», «Ардагер» құрамаларынан бірлес-

кен 5 команда қатысты. Командалардың құрамындағы ойыншылардың ең жасы – 49 жаста, ең үлкені – 64 жаста болды. Соған қарамастан олардың барлығы дерлік ойын кезінде барынша белсенділік танытып, ширақ қимылдады. Мәселен, ардагерлердің ең үлкені,



«Бұрғылау» мекемесінің зейнеткері – Мұратбай Базарбайұлы жасы алпыстан асса да спорттық бабын жоғалтпағанын байқатты. Ардагерлердің белсенділік танытқаны соншалықты, тіпті сонау Ақтау қаласынан келіп қатысқан командалар да болды.



Дүбірлі сайысты «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов пен «Бұрғылау» мекемесінің басшылары бірлесіп ашып, барша қатысушыларды мерейлі мерекелерімен құттықтады. Денсаулық үшін маңызы зор спорттың берер сыйын ерекше атап өтіп, жарысқа қатысушыларға ақ жол тіледі.

Жеңіске жетуге талпынған 5 команданың ойыны қызықты әрі өте тартысты болып өтті. Командалық есеп нәтижесінде 1-орынды «Бұрғылау» командасы иеленсе, екінші орынды «Жігіттер» командасы, үшінші орынды «Ақтас» командасы қанжығасына байлады. Ұйымдастырушылар

барлық жеңімпаздарды диплом, кубок және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Сонымен қатар «Үздік ойыншы», «Үздік шабуылшы», «Үздік қақпашы», «Үздік сұр мерген» және «Ардагер ойыншы» номинациялары табысталды.



Жарыс аяқталған соң барлық қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан жайылған дастарқаннан дәм татып, турнирді ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған осындай шаралар бұдан әрі де көптеп өткізілетіндігі айтылды.

МЕКЕМЕ БАСШЫСЫ ЧЕМПИОНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



«Бұрғылау» мекемесінің Бас директоры Қанат Ермекұлы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері Жеңіс Жарылғаповты еске алуға арналған республикалық бокс турнирінің жеңімпаздары Талғат Ақтуриев және Марат Өтегеновпен кездесті. Чемпиондармен бірге олардың бапкерлері «Erzhanov-Boxing-Club» бас бапкері Қайрат Ержанов та келді.

Жеңімпаздарды кезекті жеңістерімен құттықтаған Қанат Ермекұлы «Бұрғылау» боксшыларының жетістіктері мекемемізге ғана емес, жалпы қаламыз үшін де зор мақтаныш екендігін атап өтті.

– Біз сіздердің жеңістеріңізге куәміз. Еліміздің барлық өңірінен және көрші Ресей елінен келген мықтылардың басын қосқан дүбірлі додада жеңіске жету үлкен жетістік. Әрине, бұндай нәтижеге көптеген жыл бойына талмай-тынбай еңбектену арқасында қол жеткіздіңіздер. Біз сіздермен және жеңістеріңізбен мақтанамыз! Қызметте жүріп спорттық жеңістерге жету мықтылық. «Бұрғылау» мекемесі қызметкерлерінің салауатты өмір салтын сақтау үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырып келеді. Әр қызметкердің спортпен шұғылданып, күшқуатты болып жүруі мекеме үшін үлкен жетістік, – деді Қанат Ермекұлы.

Кездесу соңында «Erzhanov-Boxing-Club» бас бапкері Қайрат Ержанов мекеме басшысы Қанат Ермекұлына «Алғыс хат» пен естелік сыйлық табыстады. Кездесуге келген бапкер мен чемпиондар осы дүбірлі жарыстың өтуіне қаржылай қолдау білдірген «Бұрғылау» мекемесіне алғыс айтып, алдағы уақытта да жетістіктерге толы жеңістерімен қуант беретіндіктеріне сендірді.

Еске салсақ, мамыр айының 6 – 8 күндері аралығында, Жаңаөзен қаласының 55 жылдық мерейтойы аясында, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері Жеңіс Жарылғаповты еске алуға арналған республикалық бокс турнирі өткен болатын. Еліміздің 11 қаласынан және Ресей мемлекетінің Омбы қаласынан қатысқан 100-ге жуық былғары қолғап шеберлері жарысында

«Бұрғылау» мекемесінің боксшылары дүбірлі доданың жеңіс туын желбіретіп, 1 алтын, 1 күмісті иеленді. Атап айтар болсақ, Өтегенов Марат финалда шымкенттік қарсыласы Қ. Қарабаевтан аз ғана ұпай айырмашылығымен ұтылып, күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал жарыстың ең аса ауыр салмағы +91 келі салмағында жұдырықтасқан Ақтуриев Талғат финалда ресейлік қарсыласы Сергей Таннагашевты айқын басымдылықпен ұтып, алтын медаль мен чемпиондық белдікті иеленді.



Өндіріс тынысы

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ-БҰРҒЫЛАУ» БҰРҒЫЛАУ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Еркебұлан Сатқанбай,
«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» серіктестігіндегі өндірістік көрсеткіштер туралы айтар болсақ, жыл басынан бері мекеме бұрғышылары жалпы өтімі 24910 метр болатын 16 ұңғыманың құрылысын аяқтады. Бұл ұңғымалар «ЕмбіМұнайГаз», «ҚазақТүрікМұнай», «Tumar Petrol», «KhamAd Partners», «IC Petroleum» компанияларының тапсырыстары бойынша бұрғыланды. Ұңғымаларды қазуға қатысқан бұрғылау қондырғыларының орташа механикалық жылдамдығы – 17,4 м/сағ, ал коммерциялық жылдамдығы – 1923 м/ай*ст болды. Қондырғылардағы өнімсіз уақыт көрсеткіші 13% деп есептелді.

Бүгінге дейінгі жұмыс қорытындысы бойынша, ең жоғары өтім көрсеткен №1 бұрғылау бригадасы. Қаражанов Жайлыбек пен Рахметов Қанат басқаратын бригада Нұржанов және Батыс Елемес кен орнында жалпы ұзындығы 4044 метр ұңғыма қазды. Жұмыста іскерлігімен көзге түскен бұрғышылар – Ермағамбетов Амантай, Қалиев Мақсат, бұрғышының көмекшілері – Идрисов Ілияс, Сүлейменов Дастан, Әлиев Нұрлыбек, Сүйесінов Сәкен, электромонтерлар – Шәмпеков Жалғас, Сейдуллаев Медет, механик – Қанатшаев Рысбек және тағы басқалар.



Қуанов Жеңіс пен Шотанов Мәлік басқаратын №2 бұрғылау бригадасы Балғымбаев және Молдабек кен орындарында жалпы ұзындығы 4332,4 метр болған 5 ұңғыма қазды. Бұрғылау қондырғысының (ZJ-30) орташа механикалық жылдамдығы – 14,2 м/сағ, коммерциялық жылдамдығы – 2875,1 м/ай*ст болды. Қондырғыдағы өнімсіз уақыт көрсеткіші – 1%. Аталған бригадада машинистер – Мағазов Амангелді, Жаймұханов Кенжебай, Табаракөв Алмас, электрик – Сисекенов Марат, механик – Қоржымбай Данияр, бұрғышы көмекшісі – Гарифоллаев Нұрсұлтан, бұрғышы – Мырзағалиев Нұржан және тағы басқалары үздік нәтиже көрсетіп көзге түсті.

Үшінші орынға Шығыс Молдабек кен орнында жалпы өтімі 3973, 5 метр болатын бес ұңғыма қазған Аблялиев Бақтыбек пен Сисенғалиев Ерік басқа-



ратын №6 бұрғылау бригадасы жайғасты. Бұл бригададағы ZJ-20 бұрғылау қондырғысының механикалық жылдамдығы – 16,2 м/сағ, коммерциялық жылдамдығы – 1205,4 м/ай*ст болды. Бұрғышы көмекшілері – Қаражанов Ыбырай, Төлегенов Асылбек, Төлегенов Сәрсенбай, машинист – Оңайбай Бекзат секілді көптеген азаматтар жұмыстағы іскерлігімен көзге түсті.



Жаңалықтар

ӨНДІРІСТІК ПОРТАЛ ЕНГІЗІЛДІ

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» мекемесінде «KazPetroDrilling» АҚ Атырау өңірі бойынша вице-президенті Эдуард Рахимовтың төрағалығымен өндірістік портал енгізілді. Жуырда осы портал модульдерін кеңінен таныстыру және кешенді ақпараттық жүйені енгізуде қызығушылық пен белсенділік танытқан қызметкерлерді марапаттау рәсімі өткізілді.

Жиналыс барысында «KazPetroDrilling» АҚ-ның ақпараттық технологиялар және процестерді автоматтандыру жөніндегі атқарушы директоры Айбек Орынбаев пен жоба менеджері Әділбек Жанымтаев порталға енгізілген модульдерді таныстыра келе, олардың бұған дейін қолданылған жүйеден қандай артықшылықтары бар екенін айтып өтті. Таныстыру шарасына жиналғандар баяндама жасаушыларға портал жұмысына қатысты сұрақтарын қойып, модульдердің мүмкіндіктерін талқылады.

Басқосудың нәтижесі бойынша мекеменің 71 қызметкері порталды енгізу жұмысына атсалысқаны үшін диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Дәл осындай шаралар Холдингтің облыстағы басқа да еншілес мекемелерінде өткізілді.



БАЛАЛАР АРАСЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ БАЙҚАУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Еркебұлан Сатқанбай,
«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС

Атырау облыстық филармониясында мекеме қызметкерлерінің балалары арасында музыкалық байқау ұйымдастырылды. Сайысқа 7-15 жас аралығындағы 11 оқушы қатысты. Қатысушылар домбырамен ән-күй орындап, фортепианода ойнап, би биледі. Байқауға облыстық филармонияның режиссері Ақмарал Машимова, «Қаз-МұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы Майра Жоламанова және әлеуметтік даму бөлімінің өкілі Еркебұлан Сатқанбаев қазылық етті.

Балалар арасындағы өнер байқауының қорытындысы төмендегідей болды:

1-орын: Ғарифуллаева Әмина, домбырада халық әні «Желкілдек»;

2-орын: Ахатқызы Сымбат, Құрманғазының күйі «Балбырауын»;

3-орын: Нұрымова Гүлнұр, «Саржайлау» әні.

Ынталандыру сыйлықтарына ие болғандар:

- Берік Адина, фортепианода Людовико Эйнаудидің «Experience» шығармасы;
- Пак Максим, «Лезгинка» биі;
- Алмағамбетова Әсем, домбырада халық әні «Желкілдек»;
- Төлегенов Ернар, «Бозшолақ» күйі;
- Жайлыбай Жұлдыз, халық әні «Бипл»;
- Жәрдембай Інжу, домбырада «Құттықтаймын мама, туған күніңмен» әні;
- Шман Райымбек, «Аяулы анашым» әні;
- Жамәли Сымбат, фортепианода «Қара севда» фильмінен шығарма.

Байқауға қатысқан балаларға компания бас директорының атынан дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Жүлде алған жастардың бәрін жеңістерімен құттықтаймыз!



Қамқорлық

БАЛАЛАР ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬДЕ ДЕМАЛДЫ



Маусым-шілде айларында «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» кәсіпорны қызметкерлерінің 7-13 жастағы балалары Ақмола облысының Бұрабай селосындағы «Жұлдызды континент» лагерінде демалды. Аталған сауықтыру және ойын-сауық орталығы табиғаты тамаша Бұрабай курорттық аймағына қарасты Қатаркөл көлінің жағасындағы орманды алқапта орналасқан.

Демалыс аясында балалар үшін жаяу турлар, экскурсиялар, күнделікті тақырыптық би кештері, көбік кеші, Холи бояуларымен жарқын кросс, алау бағдарламасы, «Қоштасу алдындағы кеш», тимбилдинг, үйірмелер мен секциялық сабақтар (вокал, хореография, робототехника, ойын кітапханасы, қолданбалы өнер, баскетбол, волейбол, футбол) секілді көптеген мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Жұлдызды континент» лагерінде мекеме қызметкерлерінің 152 ұл-қызы демалып қайтты.



ХОЛДИНГ БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай Атырау қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы драма театрында «Отпен ойнама» спектаклі өткізілді. Бұл шараға Холдинг құрамындағы атыраулық еншілес компаниялар қызметкерлерінің 7 – 12 жас аралығындағы балалары қатысты. Спектакльден кейін балаларға әртүрлі

ойын-сауықтар, конкурстар, анимациялық қойылымдар мен аквагрим көрсетілді және тегін балмұздақ ұсынылды.

Осылайша балаларға үлкен қуаныш сыйлаған ауқымды шараны «KazPetroDrilling» акционерлік қоғамы ұйымдастырды.



Жаңалықтар

«ЖІГЕР ҮЗДІКТЕРІНІҢ» ҚАТАРЫ ТАҒЫ ТОЛЫҚТЫ

Гауһар Орынбасарова,
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС

«ЖігерМұнайСервис» серіктестігіндегі «Жігер үздіктерінің» қатары тағы толықты. 2023 жылдың бірінші тоқсанында Бизнес және жаңа технология-



ларды дамыту бөлімінің тендерлер жөніндегі менеджері Алтай Бегімшеұлы Ертаев осы номинация бойынша жеңімпаз атанды.

Алтай Бегімшеұлы «ЖігерМұнайСервис» командасына 2011 жылы қосылды. Бастапқыда компаниядағы Күрделі құрылыс бөлімінде қызмет етті. Кейіннен Бизнес және жаңа технологияларды дамыту бөліміне тендерлер жөніндегі бас маман болып ауысты. Оның бойындағы шынайы көшбасшылық қасиеттері мен келісімдер жүргізу дағдысы да осы бөлімде айқын аңғарылды. Тендерлік құжаттарды дайындау барысында өзінің кәсіби шеберлігін көрсете білген Алтай компанияның басты-басты деген бірқатар тапсырыс берушілермен арада ұтымды келісімшарттар жасауына көмектесті. Әлбетте, тапсырыс берушілер мен мердігерлердің іс-әрекетін үйлестіру, сондай-ақ тиісті құжаттарды дайындау жұмыстарының үлкен күш-жігерді талап ететіні белгілі. Алтай Бегімшеұлы осы талапқа сай жемісті еңбек етуде. «Жігер үздігі» атанған азаматқа шығармашылық



табыстар мен жаңа жобалар тілейміз! Кәсіби маман және жеке тұлға ретіндегі үздіксіз өрлей бер, Алтай!

Сонымен қатар 2023 жылдың бірінші тоқсанында Бауыржан Абайұлы Нұрмұханов пен Аманбай Ермекбайұ-

лы Жақсылықовтың да «Жігер үздігі» атанғанын айта кеткіміз келеді. Кәсіби ізденістері жоғары бағаланып, тікелей басшыларының қолдауына ие болған әріптестерімізге алдағы уақытта да жемісті еңбек тілейміз!

Спорт

«ЖІГЕРМҰНАЙСЕРВИС» КОМАНДАСЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



«KazPetroDrilling» АҚ құрамындағы компаниялар арасында әр жыл сайын өткізілетін мини-футбол турнирі биыл 17-інші маусым күні, Атырау қаласында, «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігінде ұйымдастырылды. Алғаш рет «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» серіктестігінің бастамасы бойынша 2021 жылы ұйымдастырылған бұл турнир бүгінде Холдинг өміріндегі дәстүрлі спорттық іс-шаралардың біріне айналды. Биыл шағын футбол турниріне «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау», «ҚазТехМұнайСервис», «Мұнай көлік» және «ЖігерМұнайСервис» компанияларының командалары қатысты.

Көрген адамды қызықтырмай қоймайтын аяқдоп додасы бұл жолы да тартысты болып өтті. Командалардың барлығы қарсыластарынан басым түсу үшін барын салып өнер көрсетті. Ақырында «ЖігерМұнайСервис» компаниясының ойыншылары жеңіске жетті. Ал екінші және үшінші орындар «ҚазТехМұнайСервис», «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» командаларына бұйырды. Жалпыкомандалық есеппен қатар үздік ойын көрсеткен жекелеген спортшылар да арнайы номинацияларға ие болды. Атап айтар болсақ, «ЖігерМұнайСервис» ЖШС-нің токары Аслан Қабдулов – үздік шабуылшы, «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-нің инженері Мұхтар Айдынов – үздік қорғаушы, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-нің инженері Асхат Атшыбаев – үздік қақпасшы, «Мұнай көлік» ЖШС-нің жүргізушісі Сәрсен Қуанов – үздік ойыншы деп танылды.

Бұл турнирде жеңіске жеткен «ЖігерМұнайСервис» командасы футбол әуесқойларының Атырау облыстық лигасына қатысатынын да айта кеткеніміз



жөн. Аталған лигада 16 команда бар. Осыған дейін 11 турға қатысып, оның 8-інде жеңіске жетіп, 3-інде жеңіліске ұшыраған ЖМС командасы қазіргі уақытта 3-інші орында тұр. Лигадағы біріншілікті анықтауға бағытталған жарыстардың аяқталуына 4 тур қалды. Әзірге «Denholm Zholdas» компаниясы бізден 3 ұпай алда келеді. Ал екінші орында «Имидж» командасы.

Аталғандай спорт жарыстары мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай 26-27 тамыз аралығында, Атырау қаласында, «KazPetroDrilling» Холдингі құрамындағы компаниялар арасында ұйымдастырылатын IV Спартакиада ойындарына дайындалуға да көмектеседі. Біздің командаға сәттілік тілейміз!



Өндіріс тынысы

Жаңалықтар

ӨЗ ЖҰМЫСЫҢ САПАЛЫ АТҚАРАТЫҢ БРИГАДА

Әсел Нұрланқызы,
«МұнайФилдСервис» ЖШС

«МұнайФилдСервис» серіктестігіндегі үздік бригадалардың бірі – ұңғымаларды күрделі жөндеумен айналысатын №9 бригада. Құрамында жиырмаға жуық жұмыскері бар бригаданы 2007 жылдан бері Мұратхан Бисебаев басқарады. Ол – өз қызметін өте жақсы атқаратын білікті маман. Оның осы жылдар ішінде 3 мәрте «Үздік шебер» атанғаны соның айғағы.



– Біздің жұмысымыз қашанда қауырт. Әр ұңғымадағы күрделі жөндеу және гидравликалық жару жұмыстары уақытында атқарылуы тиіс. Бригада мамандары сол міндеттерін уақтылы әрі сапалы атқару үшін жұмыла жұмыс істеуде. Ұжымдағы жігіттердің барлығы өнімді еңбек етуде. Дегенмен бұрғышы көмекшілері – Айбар Өміралиев, Марат Дүйсенов және көтергіш агрегат машинисі – Саназар Қонаров сынды азаматтардың жұмыстарын ерекше атап өткім келеді, – дейді Мұратхан Бисебаев.

Газетке мәлімет беру барысында бригада бастығы өткен 2022 жылдың қорытындысы бойынша 42 ұңғымада тиісті жұмыстар жасалғандығын айтты. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Бригада жұмысының өнімділігі мен сапасы қандай деңгейде екендігін осыдан-ақ аңғаруға болады.



КОМПАНИЯ ЖАҢА ТЕХНИКА САТЫП АЛДЫ

Жуырда «МұнайФилдСервис» компаниясының техникалық базасы тағы да жаңа техникамен толықты. Ресей Федерациясындағы Unisteam зауытынан арнайы тапсырыспен мобильді бу генераторлық құрылғы (ППУ 1600/1000) сатып алынды. КАМАЗ автокөлігіне орнатылған бұл құрылғы сағатына 1600 кг ыстық бу береді және 9 сағат бойы үздіксіз жұмыс істей алады.



Unisteam сериясы бойынша шығарылған жылжымалы бу генераторлық құрылғысы ұңғыма оқпанын, құбырларды, резервуарлар мен арматураларды, сондай-ақ мұнай кәсіпшілігіндегі басқа да жабдықтарды жоғары не төмен қысымды ыстық бумен қыздыру арқылы парафиннен тазартуға арналған.



Қамқорлық

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬЛЕР – БАЛАЛАР ҮШІН ҮЛКЕН ҚУАНЫШ

«МұнайФилдСервис» ЖШС қызметкерлерінің балаларын Ақтау қаласы мен Алматы облысындағы жазғы демалыс лагерлеріне жіберу шаралары ұйымдастырылуда.

Ақтау қаласындағы жазғы лагерде демалған балалар облыс орталығындағы Әбіш Кекілбаев атындағы мұражайға барды. Онда Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған экспонаттармен танысты. Сонымен қатар

Каспий теңізі жағалауында орналасқан туристік нысандағы «Tetys Blu» паркіне бірнеше мәрте барып, әртүрлі аттракциондарда ойнап көңіл көтерді. Лагерь аймағында әр алуан спорттық және мәдени-танымдық іс-шаралар өткізілді.

Жазғы мезгілінде Алматы облысы және Ақтау қаласындағы балалар лагерлеріне жалпы саны 270 балаға жолдама беру қарастырылып отыр.



КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ЕТ ӨҢДЕУ КӘСІПОРНЫНА БАРДЫ

Қасиетті Құрбан айт мейрамының қарсаңында, «МұнайФилдСервис» ЖШС Бас директоры Нұрлан Белшер және Жаңаөзен қалалық Мәслихатының депутаты Жалғас Агисов бастаған арнайы топ жергілікті «Көркем әлем» ет өңдеу кәсіпорнының жұмысымен танысты. Кәсіпорындағы мал сою, етті сақтау, бөлу-жіктеу цехтарын аралап шыққан меймандар мұсылмандардың ұлық мейрамы қарсаңындағы дайындық барысына тәнті болды.

Аталған кәсіпорында мал союдан бастап жартылай дайын өнімдерді сақтап қатыру, одан соң фирмалық қаптамаға салып дайындау және тапсырыс берушіге жеткізу қызметі де қарастырылған. Алдағы уақытта бұқтырылған ет өнімдерін шығаруды көздеп отырған кәсіпорында қазіргі таңда 143 адам жұмыс істейді.



Жаңалықтар

МАРАПАТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ

Орынбасар Қонысбаев,
«Каскор-Машзавод» ЖШС

4 маусымда Ақтау қаласында «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауының өңірлік кезеңі өтті. Оған Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев қатысты.

Отандық өнімнің сапасын арттыру және Қазақстан нарығын бәсекеге қабілетті тауарлармен толықтыруға бағытталған бұл шара әр жыл сайын ұйымдастырылады. Биыл көрме-байқауға облыстағы 60 кәсіпорынмен қатар Астрахань облысы Думасының төрағасы Игорь Мартынов бастаған делегация, Маңғыстау облыстық кәсіпкерлер палатасының өкілдері мен еліміздің Ұлытау, Абай, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облысы мен Алматы қалаларының бір топ кәсіпкерлері, бизнес қолдаушылары қатысты. Өңір басшысы Нұрлан Ноғаев әр кәсіпкер ұсынған тауарлар көрмесін аралап, қолдау білдірді.

Байқау «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халыққа арналған үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациялары бойынша жүргізілді. Әр номинация бойынша үш-үштен тоғыз жеңімпаз айқындалды. Жеңімпаздар арнайы жүлдемен марапатталды.

«Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» аталымы бойынша «КазАзот» АҚ, «Каскор-Машзавод» ЖШС және «ОСС Қазақстан» ЖШС жеңімпаз атанды. Ал «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясында жеке кәсіпкерлер Әсел Жекенова, Илес Жұмаханұлы, Алдаберген Тіленбаев жеңіске лайық деп танылды. Сонымен қатар «Үздік азық-түлік тауарлары» аталымы бойынша «Жаңаөзен сүт зауыты» ЖШС, «Korkem Alem» ЖШС, «MAGA-BREAD» ЖШС үздік шықты.

Өңірлік байқаудың 9 жеңімпазы «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауына жолдама алды. Республикалық көрме-байқаудың қорытындысы бойынша «Атамекен» ҰҚП-ның сараптамалық тобы 27 финалисті анықтайды. Одан әрі жеңімпаздар онлайн дауыс берумен іріктеледі. Республикалық шара соңында дипломанттар төрт жыл бойы «Қазақстанның үздік тауары» байқауының эмблемасын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығына ие болады.

«Алтын сапа» және «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының жеңімпаздарын марапаттау жыл соңында, Астана қаласында ҚР Президентінің қатысуымен салтанатты рәсімде өтеді.



ЖАҚСЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСТАМАШЫСЫ БОЛ!



«Каскор-Машзавод» серіктестігіндегі «Бақылау карточкасы» бағдарламасы QR код арқылы қосылатын цифрлық нұсқаға көшірілді. Бұл бағдарлама қызметкерлерге объектілердегі қауіпті еңбек жағдайлары, іс-әрекеттер, мінез-құлық, ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабарлауға мүмкіндік береді. Қауіпті жағдайларды азайту жөнінде ұсыныстар енгізуге және зиянды өндірістік факторлардың алдын алуға, еңбек жағдайын жақсартуға көмектеседі. Жабдықтардың жай-күйін бақылаудың, жұмыс жүргізу процесінде ғимараттарды, құрылыстарды және қолданылатын тетіктерді, тәуекелдерді басқарудың негізгі элементі болып табылады. Сондай-ақ жұмысшылардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталған ұсыныстарды да қабылдайды.



Бағдарлама бойынша белсенділік танытқан қызметкерлерді ынталандыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Ұжым өкілдері тарапынан айтылған ең үздік ұсыныстар мен бақылау әрекеттеріне компания тарапынан құнды сыйлықтар тапсырылады.

Бағдарлама бойынша белсенділік танытқан қызметкерлерді ынталандыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Ұжым өкілдері тарапынан айтылған ең үздік ұсыныстар мен бақылау әрекеттеріне компания тарапынан құнды сыйлықтар тапсырылады.



Өндіріс тынысы

«МҰНАЙ КӨЛІК» ТЕХНИКАЛАРЫ «ЗАБУРУНЬЕ» КЕН ОРНЫНДА

Аружан Досжанова,
«Мұнай көлік» ЖШС

Ашық даладағы кен орындарына барып, ондағы жұмысшылардың хал-ахуалдарын білу, айтатын ұсыныс-тілектерін тыңдау – компаниядағы тиісті бөлімдердің жоспар бойынша атқаратын шаруасы. Біздің бұл жолғы іс-сапарымыз 30 мамыр күні басталды. «Забурунье» кен орнына бардық. Аталмыш кен орнындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу және дайындау жұмыстарын Холдингтегі еншілес мекемелердің бірі – «КазТехМұнайСервис» серіктестігінің бұрғылау бригадасы атқарып жатыр. Өндіріс басындағы ахуалды басшыдан білейік деген оймен алдымен осы бригаданың шебері Дархан Серікбайұлы Бапановты сөзге тарттық.

– Біздің күн сайынғы жұмысымыз таңертеңгі дайындықтан, яғни қауіпсіздік ережелерін пысықтаудан басталады. Қауіпсіздік мәселесіне айырықша мән береміз. Үнемі зіл батпан темірлермен жұмыс істейтін адамдардың қауіпсіздігі қатаң қадағаланады. Өйткені кез келген өндірістегі бұлжымас басты қағида – бұл адамның денсаулығы екендігі мәлім, – деді Дархан Серікбайұлы. – Бригададағы басқа мамандар-

мен бірге көлік жүргізушілері де арнайы нұсқамадан өтеді. Олардың қалай әрекет ететіндері сол нұсқамада тайға таңба басқандай етіп анық айтылған.

Біз қазір ұңғыманы күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысудамыз. Дәлірек айтқанда, цемент айдауға дайындап жатырмыз. Тереңдігі 940 метрге жететін ұңғымада мұндай жұмыстарды жүргізудің өзі оңай шаруа емес екендігі белгілі. Ол үшін бүкіл бригаданың ұйымшылдығы мен жауапкершілігі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, кен орнында жұмыс істеп жүрген азаматтардың бәріне ризамын. Олардың арасында «Мұнай көлік» серіктестігінің жігіттері де бар.


Бригада басшысымен тілдескеннен кейін өндіріс алаңында жүрген әріптестермен де жүздесіп, жұмыстарын көрдік. «Забурунье» кен орнында «Мұнай көлікке» қарасты цемент-техникалар жұмыс істеп жатыр. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, аптап күннің астында бірлесіп, өзара ынтымақпен қызмет атқарып жатқан азаматтарға қарап риза болдық.

Әріптестерімізге мықты денсаулық, жақсы жетістіктер тілейміз! Ісіміз алға бассын, мекемеміз өркендей берсін!



«АЙЖАН ҚЫЗ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА БАС ЖҮЛДЕНІ ИЕЛЕНДІ



Грекия елінде әр жыл сайын өткізілетін «Greece's Hope» («Грекия үміті») фестивалі биыл 26-27 мамыр аралығында Нафплио қаласында ұйымдастырылды. Халықаралық байқауға әлемнің 22 елінен барған үміткерлер қатысты. Олардың арасында Атыраудағы Нұрғиса Тілендиев атындағы кіші өнер Академиясының «Айжан қыз» би ансамблі де болды. Фестивальдегі би байқауына қатысып, тамаша өнер көрсеткен ансамбль бас жүлдені жеңіп алды. Ансамбль ұжымын және осы ұжымның мүшесі, әріптесіміз Аружан Сағадатқызының сіңлісі – Дана Сағадатқызы Досжанованы халықаралық байқаудағы қуанышты жеңістерімен құттықтаймыз!

Дана Сағадатқызы – өнердің сан саласына баулитын Нұрғиса Тілендиев атындағы кіші өнер Академиясының 9 сынып оқушысы. Бала кезінен биге, өнерге әуес болып өскен Дана қазір мектептегі барлық іс-шаралар мен шығармашылық байқауларға белсене қатысуда. Өнерлі жасқа үлкен жетістіктер тілейміз!

«Айжан қыз» би ансамблі осыдан 25 жыл бұрын құрылған. Ширек ғасыр бойы үздіксіз ізденіспен келе жатқан ұжым осы уақыт аралығында «Алтын дән» балалар шығармашылығы фестивалінің 1-інші дәрежелі дипломы және Түркия еліндегі

«Turkishhope» байқауының бас жүлдесі секілді жоғары марапаттармен қатар басқа да көптеген республикалық және халықаралық байқаулардың жүлделі орындарына ие болды. Би өнерін дамытуда қажымай-талмай еңбектеніп жүрген ұжымға алдағы уақытта да шығармашылық табыстар мен биік белестер тілейміз!



Өндіріс тынысы

Жаңалықтар

ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ЦЕХ

Орынбек Орынбасаров,
«ТрубРемЦентр» ЖШС

«ТрубРемЦентр» серіктестігіндегі Сорғы-компрессорлық құбырлар цехы тәулігіне 640 құбыр шығарады. 2002 жылы іске қосылған бұл цехта қазір 83 адам жұмыс істейді. Олар: шебер, ілмектеуші, құбыр жуушы, дефектоскопист, гидравликалық жүктеме құрылғысының операторы, токарь және техникалық бақылау бөлімінің мамандары секілді әр алуан қызметкерлер. Цехты Азамат Қаражан басқарады.



Азамат Сайынұлы – 2006 жылдан бері осы салада қызмет етіп келе жатқан білікті маман. «ТрубРемЦентр» серіктестігіне келгенге дейін ол «Caspian Don Holl Service», «Smit Service», «Shulumberger», «Premier Burkit», «Казкор-Машзавод», «ЖігерМұнайСервис», «КазСтройСервис» тәрізді компанияларда қызмет атқарған.



– Сорғы-компрессорлық құбырлар (СКК) негізінен ұңғымадағы сұйықтар мен газдарды сорып алу, су немесе сығымдалған ауа (газ) жіберу тәрізді, сондай-ақ ұңғымаларды ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша атқарылатын әртүрлі жұмыстар үшін қолданылады. Олардың өзге құбырлардан басты айырмашылығы: табиғи ортадағы жоғары қысым, механикалық ауыр салмақ секілді сынақтарға төзімді болады, коррозия мен эрозияға оңайлықпен беріле қоймайды, – дейді цех басшысы Азамат Саинулы. – Цехқа әкелінген сорғы-компрессорлық құбырлар (диаметрлері: 73 мм және 89 мм) алдымен мұқият тексеріледі, содан соң жан-жақты өңдеу-дайындау процесінен өткізіледі. Яғни жақсылап жуылады, шаблондалады, муфталары ашылады, дефектоскопиядан өткізіледі, токарлық станокқа салынып өңделеді, муфталары қайтадан жабылады, гидравликалық қысым құрылғысына салынып сыналады, маркировка жасалады және буылып, оралады да, жөнелтуге дайындалады.

Сорғы-компрессорлық құбырлар – мұнай және газ өнеркәсібіндегі тапсырыс берушілер тарапынан үлкен сұранысқа ие болып отырған өнімдердің бірі. Аталған цех жұмысына орасан жауапкершілік жүктелетіні сондықтан. Міне, сондай жоғары талапқа сай болу үшін ортақ іске бір кісідей жұмылып, ұйымшылдықпен еңбек етіп жатқан цех ұжымына сәттілік пен табыс тілейміз!

МЕКЕМЕ АУМАҒЫНДА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Биылғы қаңтар-наурыз айларында «ТрубРемЦентр» серіктестігінің аумағында ғимараттарды жөндеу, жалпы инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жүргізілді. Аталған жұмыстар барысында жұмысшылардың киім ауыстыратын бөлмесі толығымен жөнделіп, кеңейтілді. Мекеме аумағындағы ғимараттар аралығына тротуар төселді. Сонымен қоса әкімшілік кеңсесі де жөндеуден өткізіліп, ұжымдық жиындарға арналған жаңа мәжіліс залы ашылды.



Әріптес

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ



Орынбек Орынбасаров,
«ТрубРемЦентр» ЖШС

Абдулла Жалғасов – «ТрубРемЦентр» серіктестігіндегі тәжірибелі мамандардың бірі. Негізгі мамандығы – механик. 2008 жылы кәсіпорынға алғаш жұмысқа орналасқан кезде темір ұстасы болып істеді. Ал қазіргі таңда бас механик қызметін атқарады.

Өз ісін өте жақсы білетін майталман маманды бүкіл ұжым сыйлайды. Өйткені ол – жасы кіші әріптестеріне әрдайым ақыл-кеңестерін айтып, кәсіби тұрғыдан қолдау көрсетіп жүретін, үлкендерге құрметпен қарайтын өнегелі азамат, 5 бала, 1 немере тәрбиелеп отырған абыройлы әке.



Талғат Көлбайұлы Илифанов «ТрубРемЦентр» серіктестігінде 2010 жылдан бері еңбек етеді. Ол – бағдарламамен басқарылатын станоктардың операторы, металл жонушы.

Өзінің кәсібін өте жақсы меңгерген жоғары деңгейлі маман болғандықтан Талғаттың күнделікті атқаратын жұмысы да әрдайым өнімді әрі сапалы екендігін айтқанымыз жөн. Ол бір күнде 130-150 дана сорғы-компрессорлық құбырларды өңдейді. Өңделіп, жуылып шыққан құбырларға бұранда салады.

Ұжымда тәжірибелі әрі білікті маман саналатын Талғат Көлбайұлы отбасылық өмірде де жұлдызы жанған азамат – 4 бала тәрбиелеп отырған өнегелі әке. Еңбекте де, жеке өмірде де абыройын асқақ ұстайтын әріптесіміздің алдағы өміріне тек жақсы жетістіктер тілейміз!

Жаңалықтар

ҰЖЫМҒА СЫЙЛЫ АРДАГЕР ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҚТЫ

Мамыр айының басында «ТрубРемЦентр» серіктестігінің ұжымы тағы бір ардагерді зейнеткерлік демалысқа шығарып салды.

Төреғали Саханов – 2008 жылдан бері компанияда әртүрлі лауазымды қызметтер атқарған тәжірибелі маман, білікті басшы. Кейінгі жылдарда кәсіпорындағы сорғы-компрессорлық құбырларды жөндеу қызметін басқарды. Атқарған қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Сондай жауапкершілік пен ұқыптылықты қарамағындағы мамандардан да талап етті. Қызметке деген адалдығының және адамгершілік қасиеттерінің арқасында бүкіл ұжымға сыйлы болды.

Ардагер азаматты зейнет демалысына шығарып салуға орай өткізілген рәсім барысында компанияның Бас директоры Жандос Ғазизұлы оған ұжым атынан құттықтау тілегін айтып, сый-сияпат көрсетті.



KPD news

KazPetro DRILLING

kazpetrodrilling.kz

KPD News корпоративтік газеті

Меншік иесі: «KazPetroDrilling» АҚ

Редакция мекенжайы:
Алматы қаласы, Чайковский
көшесі, 95-үй, 105-кабинет
Телефон: 8 (727) 352 70 52

Газет ҚР Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінде
2019 жылдың 18 сәуірінде
тіркеліп, №17672-Г куәлігі берілген.



Шеф редактор:
Мұрат МҰҚАШЕВ

Электронды пошта:
m.mukhashev@kazpetrodrilling.kz

Дизайнер:
Ермек ҚАБЛАНБЕКҰЛЫ

«Компания Leader Offset Printing»
ЖШС-ның баспаханасында
басылды.

Баспахананың мекенжайы:
Алматы қаласы,
Райымбек даңғылы 212а/8

Таралымы
2000 дана.

Газет 2019 жылдың
сәуір айынан шыға бастады.

Екі айда бір рет шығады.